

**8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау  
(6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған  
Измагамбетова Раиса Кудайбергеновнаның «Бастауыш сынып оқушыларының  
бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы  
диссертациясына**

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыс <b>ғылымның даму бағытындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес</b> және қазіргі мемлекеттік білім беру саясатының аясындағы жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкестігі бастауыш мектепте білім беру мазмұны, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын және Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын басшылыққа алумен сипатталады.</p> <p>Р.К.Измагамбетованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» <b>бағытына сәйкес келеді.</b> Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша ұсынылған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады/қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> .	Зерттеу жұмысы бастауыш білім беру ғылымына айтарлықтай <b>үлес қосады</b> , оның ішінде бастауыш сыныптарда оқушылардың бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде

			<p>калыптастырудың мазмұнын жетілдіреді.</p> <p>Бүгінгі қоғам сұранысына орай бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу мен оны тәжірибеде жүзеге асырудың әдістемесінің жеткіліксіздігі дәлелденген.</p> <p>Осыған орай бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру мәселесі терен қарастырылып, зерттеу жұмысының теориялық және практикалық мәні ашылып, «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігінің критериалды жүйесі» тақырыбындағы мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік семинар бағдарламасы дайындалып, «Бастауыш сыныптарда дүниетану және жаратылыстану пәндерінен критериалды бағалау тапсырмалар жүйесі» атты әдістемелік құралын дайындауы <b>маңыздылығын ашады.</b></p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Докторант Р.К.Измагамбетованың орындалған зерттеу жұмысы дербес, өзекті, толық және аяқталған болып табылады. Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу <b>деңгейі жоғары.</b> Диссертанттың жүргізген жұмыстары оның зерттеу үдерісіне деген ғылыми көзқарасының пайда болуына мүмкіндік беріп, өзіндік даму бағытын айқындайды.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Диссертация өзектілігінің дәлелі <b>негізделген.</b></p> <p>Қазіргі қоғам сұранысынан туындап отырған бастауыш сынып оқушыларының дербес бағалауын критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық тұрғыда зерттелуі мен білім мазмұнының жаңартылуына сәйкес оларды меңгеру мәселесінің арасында жүйелі байланыстың болмауы, бастауыш сынып оқушыларының дербес бағалауын критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың практикалық тұрғыдан қажеттігі мен әдістемелік</p>

			жағынан қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылықтарды жою диссертацияның ғылыми және қолданбалы аспектілердегі өзектілігін негіздейді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны аталмыш зерттеу тақырыбын <b>толық айқындайды</b> . Жұмыста зерттеу үдерісінің барлық негізгі компоненттері келтірілген. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру теориялық және тәжірибелік-эксперименттік негізін ашады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық <b>толық байланысқан</b> , ортақ біртұтастық пен баяндау логикасы бар, алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растап, автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы <b>логикалық жағынан бір-бірімен толық байланысқан</b> . Зерттеу ғылыми жұмыстың біртұтас жүйесін білдіреді. Өзара байланысты және өзара тәуелді көрсеткіштерді пайдалану, өз нәтижелерін егжей-тегжейлі талдау жұмысты толық етеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері; оның құрылымдық-мазмұндық болмысын моделдеу; тәжірибелік-эксперимент нәтижелерін сандық, сапалық тұрғыда <b>сыни талдау</b> арқылы дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем	Қорғауға ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қағидаттары <b>толығымен жаңа</b> болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың теориялық тұжырымдарының әлеуеті негізделген.

		<p>жаңа болып табылады)</p>	<p>Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың әдістемесі ұсынылып, тәжірибеде жүзеге асырылған. «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігінің критериалды жүйесі» тақырыбындағы мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік семинар бағдарламасы дайындалып, «Бастауыш сыныптарда дүниетану және жаратылыстану пәндерінен критериалды бағалау тапсырмалар жүйесі» атты оқу-әдістемелік құралын дайындаған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  1) <u>толығымен жаңа</u>;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары <b>толығымен жаңа</b> болып табылады. Теориялық талдауларда негізгі категориялардың құрылымы және мазмұндық сипатының түзілуі бірінші шынайы тұжырымдар қалыптастыруға мүмкіндік береді. Диссертацияның «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыруды модельдеу» атты екінші бөлімінде автордың диссертациялық зерттеу нәтижесінде зерттеу пәні бойынша жаңа білім алғандығын көрсетеді. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмысы зерттеу жұмысының қорытынды бөлімінде қарастырылған және зерттеу нәтижелерін растайды.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?  1) <u>толығымен жаңа</u>;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Автордың ұсынған бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру үдерісінің ғылыми-тәжірибелік негізі <b>толығымен жаңа</b> және негізделген болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан алғанда <b>ауқымды дәлелдемелерде негізделін</b> , диссертант негізгі нәтижелерін 18 мақалада жариялаған. Соның ішінде 2 мақала Scopus деректер қорына енетін жарияланымда (59 және 36 проценти), 2 мақала ҚР Ғылым және Жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 14 мақала ҚР ұйымдастырылған және халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдарында жарияланған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>1. Бірінші қағида бойынша оқушыларға алдын-ала белгілі оқу мейіні оқыту үдерісінің мақсаттары және мазмұнына сәйкес келетін критерийлерге жауап беруде олардың бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың генезисіне жасалған талдаулардағы идеялар мен тұжырымдар зерттеу жұмысының теориялық негізін құрайды. Қағида <b>дәлелденген, тривиалды емес</b>, зерттеу пәні туралы <b>жаңа</b> білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы <b>кең</b>. (Хабаршы-Вестник-Bulletin. «Педагогика ғылымдары» сериясы №2 (74), Алматы 2022 Б.158-175) «Критериалды бағалау негізінде бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі бағалауын қалыптастыру» // атты мақаласында <b>дәлелденген</b> және көрініс тапқан.</p> <p>2. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері <b>дәлелденген</b> және негізделген <b>тривиалды емес</b>, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастырудың қолданылу деңгейі <b>кең</b>, (Хабаршы-Вестник-Bulletin. Серия «Педагогика ғылымдары» №4 (76), Алматы 2018 «Қыздар университеті» – Б.131-135) «Бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалаудағы критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі» атты мақаласында <b>дәлелденген</b>.</p>

			<p>3. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру «бағалау», «критериалды жүйе», «критериалды бағалау жүйесі» және «бағалау дербестігі» ұғымдарымен <b>дәлелденген, тривалды емес</b>, зерттеу пәні туралы <b>жаңа</b> білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы <b>кең</b> және ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге жүргізілген контенттік талдау арқылы «бағалау», «критериалды жүйе», «критериалды бағалау жүйесі» және «бағалау дербестігі» ұғымдарының мәні нақтыланған. (Научно-практический журнал № 1(9)•2022 ISSN: 2686-9152 г. Омск, Россия РИНЦ. С.28-35) «Эффективность использования методов формативного оценивания в средних школах Казахстана» атты мақаласында <b>дәлелденген</b>.</p> <p>4. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі <b>дәлелденген</b> және негізделген, <b>тривалды емес</b>, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың қолданылу деңгейі <b>кең</b>, (Научно-практический журнал № 1(9) 2022 ISSN: 2686-9152 г. Омск, Россия РИНЦ. С.14-21) «Формирование учебно-познавательной компетенции младших школьников на основе критериального оценивания» атты мақаласында <b>дәлелденген</b>.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Зерттеу мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері нақты жазылған. Әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың (тұғырлар: жүйелілік, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, рефлексивтік, күзiреттiлiк; ұстанымдар: оқыту мен бағалаудың өзара байланысы, шынайылық, анықтық және валидтілік, ашықтық және нақтылық, үздіксіздік, дамытуға бағыттылық, басқару және өзін-өзі басқару, ізгілік, өз әрекетін ұйымдастыру, субъектілік) жиынтығы болып табылады.

	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеудің мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және империкалық әдістердің кешені диссертантпен анықталған. Теориялық әдістер (психологиялық және педагогикалық ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, озық іс-тәжірибелерді жинақтау, қорытындылау, салыстыру, жіктеу, нақтылау, нәтижелерді жобалау, модельдеу); эмперикалық әдістер (сауалнама жүргізу, диагностикалау, бакылау); эксперименттік зерттеуде алынған мәліметтерді <b>сандық талдау әдістері, нәтижелерді өңдеудің математикалық әдістерін қолданған.</b></p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ</p>	<p><b>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған.</b> Алматы қаласы Жетісу ауданы, №3 және Алатау ауданы №156 жалпы білім беретін мектептерінде бастауыш сынып оқушыларына жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарымен дәлелденген. Зерттеу жұмысының «Д» Қосымшасында ұсынылған ендіру актісімен расталынған. Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері оң динамиканы көрсеткен.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәліметтер ҚР нормативтік-құқықтық құжаттар, отандық және шет елдік авторлардың педагогикалық әдебиеттері, сөздіктер, анықтамалар, энциклопедиялар, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, критериалды бағалау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар, WEB Internet ғаламдық желісінің парақшалары, халықаралық конференция жинақтары мен журналдарында, ҚР Ғылым және Жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған материалдарға <b>сілтеме жасау арқылы расталған.</b></p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі <b>әдеби шолуға жеткілікті.</b> 196 библиографиялық сипаттамадан және</p>

		<u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>	ғылыми, оқу, мерзімді, заңнамалық және нормативтік-құқықтық, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздердің жеткілікті тізімін ұсынады.
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок</p>	<p><b>Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы</b> бар. Атап айтсақ:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Бағалау дербестігінің критериалды жүйесінің генезисі талданған;</li> <li>– Бастауыш сынып оқушыларының дербес бағалауын критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру мәселесі психологиялық-педагогикалық тұрғыдан негіздері айқындалған;</li> <li>– «Бағалау», «критериалды жүйе», «критериалды бағалау жүйесі» және «бағалау дербестігі» ұғымдарының мәні нақтыланып, құрылымы анықталған;</li> <li>– Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған;</li> <li>– Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың әдістемесі дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексерілген.</li> </ul>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок</p>	<p>Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың теориялық негіздері бастауыш сынып оқушыларының зерттеу жұмыстарында жаңа нәтиже алу үшін <b>практикалық маңызы бар</b>. «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыруда критериалды бағалаудың жүйесі» атты оқу-әдістемелік семинар жоспары дайындалған. «Бастауыш сыныптарда дүниетану мен жаратылыстану пәндерінен критериалды бағалау тапсырмалар жүйесі» атты әдістемелік құралы дайындалған. Зерттеу нәтижелерін жалпы орта білім беретін мектептердің бастауыш деңгейлерінің мұғалімдері мен біліктілікті арттыру орталықтарындағы білім беру үдерісінде пайдалануға болады.</p>

		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар <b>толық жаңа</b> және бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыруда бір пәннің аясында ғана емес сонымен қатар басқа пәндер арқылы оқушылардың бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы <b>жоғары</b>. Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.</p>

**Қорытынды:** 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша докторант Измагамбетова Раиса Кудайбергеновнаға философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ресми рецензент,  
философия докторы (PhD),  
Нархоз университеті,  
Жоғары гуманитарлық мектебінің  
қауымдастырылған профессоры**

26.09.2022 ж.



**Р.О. Кенжетасва**